

**Ата - аналар комитеті
жұмысының 2022-2023
оқу жылына атқарылған
жұмыстары**

Есбол орта мектебінде 15.09 күні 5-сынып жетекшісі Ж.Сатқанбай ата-аналарының жиналысы болып өтті.

Әрбір ата-ананың жүрегі бала деп соғады. Сол себепті Жиналыс басында ата -аналар бос жүректі балаларға деген тілектерімен толықтырып жүректерін бір арнаға тоғыстырды. "Өз балаңызды білесіз бе?" айдарында ата-аналарға балалары туралы сұрақтар қойылып тез-тез жауап берген ата-аналар марапатталды.

Сұрақтардың түсі бойынша 2 топқа бөлінді. 1-топқа "Менің балам..." тапсырмасы берілді. Мұнда ата-ана баланың жақсы, жағымсыз қасиеттерін жазу керек болды.

2-топқа "Отбасылық құндылық ағашы" тапсырмасы берілді. Бұл тапсырмада ата-аналар ағаштың тамырынан бұтағына дейінгі отбасындағы құндылықтарды жазып шықты.

"Жұдырық" жаттығуында ата-аналарға бала тәрбиесі жөнінде кеңес берілді. Қорытындылай келе ата-ананың мектеппен, сынып жетекшімен тығыз байланыста болуы айтылды. Мектеп пен ата-ана арасындағы келісімшарт таныстырылды. Мектеп формасы жөнінде айтылып, ата-аналар төрайымы сайланды.



**Мектебіміздің дебат жетекшісі Жалғас Таңатов
“Отбасы - бақыт мекені” ата-аналар апталығы
аясында 7-10 сынып аралығында дебат
ойындарын ұйымдастырды.**

Ойынға берілген қарар:

**1.БП Ата-ана балаларына жұмсайтын
максималды ақша көлемін бекітуі керек деп
есептейді.**

**2.БП Ата ана баласының әлеуметтік желідегі
парақшаларын тексеруі тиіс деп есептейді**


**3.БП әлеуметтік желі баланы теріс тәрбиелеп
жатыр деп есептейді.**

Ойын американдық форматта өтті.

**Жеңіске 7 сыныптың ер балаларынан құралған
топ жетті.**



"сәлемдесу" тренингі



16 қыркүйек күні 8-сынып оқушыларының ата-аналар жиналысы өтті. Сынып жетекшісі:

М.Зинуллина

Сыныпты биыл алған жетекші ата аналарға сәлемдесу тренингімен бастады. Содан соң "қаншалықты өз балаңызды танысыз" сұрағы бойынша алдарына берілген балдарының тілек жазылған "бес саусақ" тапты.

Қазіргі ата-ана мен ұстаз қандай болу керек төңіректе 2 топқа тапсырма берілді.

Ұйымшылдыққа шақыру мақсатында "стакан жинау" тренингі орын алды. Балдардың жол апатына түскен бейнежазба көрсетіп өз ойлары сұралды.

Соңында видео көрсетіп балдарыңызбен жиі сөйлесіп, әңгімелесіп тұруларын айтты.

Қосымша мектеп формасы, қадағалау керектігі т.б айтылды.



"Отбасы-бақыт мекені" апталығының ашылу сәті

Есбол орта мектебінде ата-аналар кеңесінің жетекшісі Л.Нұрғалиева мектепте ата-аналар апталығы басталғандығын оқушылар назарын жеткізді

Л.Нұрғалиева оқушыларға лездеме өткізіп, алдымен отбасы құндылығы, ата-ананың, баланың отбасындағы рөлі сынды сұрақтарға қойып, оқушылармен пікір алмасып, ой бөлісті. Одан әрі отбасы туралы мақал-мәтелдер табу кезеңі ұйымдастырылды

НАПИШИТЕ ЗДЕСЬ
ПОДПИСЬ К ФОТОГРАФИИ.

